

«Қазпошта» АҚ
2024 жылғы «__» _____
Басқармасының шешімімен
МАҚҰЛДАНДЫ
№_____ хаттама

«Приложение № 12 к протоколу заседания
Совета директоров АО «Казпочта»
от « 17 » 07 2024г. № 09/24
Директорлар кеңесінің 2024 жылғы

«__» _____
шешімімен
БЕКІТІЛДІ

**«ҚАЗПОШТА» АҚ
ТРАНСФЕР-АГЕНТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ
РЕГЛАМЕНТІ**

ТАҚ РГ - _____-2024-ОА-КЕ 1.4

Астана қ., 2024 жыл

Совет директоров АО «Казпочта»
ОРИГИНАЛ

Мазмұны:	стр.
1. Құжаттың атауы	3
2. Қолданылу саласы	3
3. Нормативтік сілтемелер	3
4. Терминдер мен анықтамалар	4
5. Қысқарған сөздер мен графикалық белгілер	5
6. Жауапкершілік	5
7. ТАҚ жүзеге асыру шарттары мен тәртібі – процесті сипаттау	6
7.1. Жалпы ережелер	6
7.2. ТАҚ жүзеге асыру кезінде Трансфер-агент жұмыстарын ұйымдастыру, Клиенттермен өзара іс-қимыл тәртібі	7
7.3. Трансфер-агенттің құжаттармен жұмыс істеу шарттары мен тәртібі	9
7.4. ТАҚ жүзеге асырудың жалпы шарттары	12
7.4.1. Кәсіби қатысушыға құжаттарды жіберу	12
7.4.2. «Қазпошта» АҚ трансфер-агенттік қызметтері туралы қосылу туралы келісімге қосылу туралы өтініштерді ОА ТАҚ жіберу	12
7.4.3. Тіркеу нөмірін беру тәртібі	12
8. Трансфер-агентке қойылатын талаптар	13
9. Тәуекелдерді басқару	15
10. Өзгерістер/толықтырулар енгізу	15
11. Қызметтің тиімділік критерийлері (бағалау)	16
12. Қосымша	
1-қосымша. Трансфер-агенттік қызметінің басшысы– бас менеджердің лауазымдық сипаттамасы	17
2-қосымша. Филиалдың Трансфер-агенттік қызметі бойынша басшы/бас маманның үлгілік лауазымдық нұсқаулығы	25
3-қосымша. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына Трансфер-агенттік қызметтер көрсету шартының үлгісі	30
4-қосымша. Жеке тұлғаларға Трансфер-агенттік қызметтер көрсету шартының үлгісі	45
5-қосымша. Занды тұлғаларға Трансфер-агенттік қызметтер көрсету шартының үлгісі	54
6-қосымша. Трансфер-агенттік қызметтер бойынша қосылу туралы келісімге қосылу туралы өтініш	62
7-қосымша. «Қазпошта» АҚ Трансфер-агенттік қызметтер көрсету барысында жеке деректерді жинау және өңдеуге келісім	63
8-қосымша. Қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар құжат үлгісі	64
9-қосымша. «Қазпошта» АҚ Трансфер-агенттік қызметі аясындағы қабылданған құжаттарды беру-алу актісі	65
10-қосымша. «Қазпошта» АҚ Трансфер-агенттік қызмет көрсету шартына қосылу туралы өтінішті алу-беру актісі	66
11-қосымша. ОА/Филиалдардағы құжаттарды беру-алу актілерін тіркеу журналының үлгісі	67
12-қосымша. ТАҚ көрсету процесінің картасы	68

OazPost	ТАҚ РГ-1492-2024-ОА-ҚЕ 1.4	№_ редакция	75 парақтың 3-парағы
----------------	----------------------------	-------------	----------------------------

13-қосымша. ТАҚ көрсету процесінің тәуекелдер мен бақылау қалыптамасы	71
14-қосымша. Құжаттар қалыптамасы	72
15-қосымша. Процестегі сәйкессіздіктерді сыныптаушы	73
16-қосымша. Жіберілім парағы	74
17-қосымша. Танысу парағы	75

1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1. Осы «Қазпошта» АҚ Трансфер-агенттік қызметінің регламенті (бұдан әрі – Регламент) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазпошта» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына сәйкес әзірленді және «Қазпошта» АҚ Трансфер-агенттік қызметін регламенттейді, Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру талаптарын, сондай-ақ құжаттарды қабылдау мен беру бойынша өз функцияларын орындау тәртібін белгілейді.

2. Трансфер-агент Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Регламентке сәйкес Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырады.

3. Регламентке өзгерістер мен толықтыруларды белгіленген тәртіпте Трансфер-агенттік басқармасының органы бекітеді.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

4. Осы Регламенттің талаптары Қоғамның Трансфер-агенттік қызметіне тікелей және/немесе жанама қатысы бар, Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

3. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1)	«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңы.
2)	«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 474-ІІ Заңы.
3)	«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңы
4)	«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VІ Заңы
5)	«Пошта туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 498-V Заңы
6)	«Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру кағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Сізге ұсынылатын құжаттың
ОБНЕСИМІ

OzPost	ТАҚ РГ-1492-2024-ОА-КЕ 1.4	№__ редакция	75 парақтың 4-парағы
---------------	----------------------------	--------------	----------------------------

		Басқармасының 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 298 қаулысы
7)	ПР СККУ-1931-2020-1	«Қазпошта» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 07 ақпандағы (№ 3 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазпошта» АҚ-да жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау қағидасы
8)	ПР ДДП-1735-2018-2	«Қазпошта» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 30 мамырдағы (№17 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазпошта» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарын басқару туралы қағидасы.
9)	ПП ЮД - -ПУ 1.7	Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы (№ 10/12 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазпошта» АҚ Басқармасы туралы ереже.

4. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

5. Осы Регламентте төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) **Орталық депозитарий** – депозитарлық қызметті жүзеге асыратын және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізетін мамандандырылған коммерциялық емес акционерлік қоғам;

2) **Алушы** – құжаттарды (акпаратты) алушы;

3) **Жіберуші** – құжаттарды (акпаратты) жіберуші;

4) **Клиент** – Трансфер-агенттің қызметтерін пайдаланып жүрген немесе пайдаланғысы келетін Кәсіби қатысушы қызметтерін тұтынушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

5) **Құжаттар пакеті (акпараттар)** – бір электронды хабарламаны қамтитын арнайы форматтағы файл;

6) **Өкіл** – Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ретінде ұсынылған және тиісті түрде ресімделген сенімхат бойынша, өзінің бағалы қағаздарына өз атынан іс-әрекеттер жасауға өкілетті бағалы қағаздарды ұстаушы тұлға;

7) **Бұйрық/тапсырыс** – қаржы құралдарын сатып алуға арналған, оған тиесілі қаржы құралдарына немесе ақшаға қатысты белгілі бір іс-әрекеттерді көрсете отырып, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына қаржы құралдарының (сатып алушы) иесі ұсынған құжат;

8) **Кәсіби қатысушы** – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес немесе лицензияларға негізделген бағалы қағаздар нарығында өз қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;

9) **Трансфер-агент** – Уәкілетті органнан берілген 2006 жылғы 12 мамырдағы № 001 лицензияның негізінде кәсіби қатысушылар мен олардың клиенттері арасындағы құжаттарды (акпараттарды) қабылдау және беру қызметін атқаратын, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы қоғам;

10) **Трансфер-агенттік қызмет** – қағаз жеткізушілерге пошта байланысы құралдары (соның ішінде курьерлік қызмет көрсету) немесе қолма-қол жеткізу арқылы, алдымен электрондық нұсқасын, кейін түпнұсқа құжаттарды жіберу жолымен, Трансфер-агенттің кәсіби қатысушылары мен олардың клиенттері арасындағы құжаттар мен акпарат алмастыруынан тұратын, бағалы қағаздар нарығындағы Трансфер-агент қызметі;

11) **Трек-нөмір** – түпнұсқа құжаттарды қадағалауға арналған Бағдарламалық қамтымда автоматты түрде жасалатын код;

12) **Уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;



13) **Филиал** – Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығында Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға қатысатын, Трансфер-агенттің облыстық филиалы, қалалық пошта байланысы тораптары, аудандық пошта байланысы тораптары, ауылдық пошта байланысы бөлімшелері;

14) **Орталық аппарат** – Трансфер-агенттік қызметінің жалпы координациясы жүзеге асырылатын құрылымдық бөлімшелер (Трансфер-агенттік қызметі), Трансфер-агенттің орталық кеңсесі;

15) **Эмитент** – Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес эмиссионды бағалы қағаздар шығаратын заңды тұлға.

5. ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР МЕН ГРАФИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕР

6. Осы регламентте төмендегідей қысқарған сөздер мен шартты ұғымдар қолданылады:

ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
БК	Бағдарламалық камтым
ОА	Орталық аппарат
БКН	Бағалы қағаздар нарығы
ІНҚ	Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары
АПБТ	Аудандық пошта байланысы торабы
ҚПБТ	Қалалық пошта байланысы торабы
ОА ББ ТАҚ	Орталық аппарат Бақыланатын бағыт Трансфер-агенттік қызметі
«Kazpost Digital»	«Kazpost Digital» филиалы
ТАП	Трансфер-агенттік пункт
ТАС	Трансфер-агенттік сектор
ТАҚ	Трансфер-агенттік қызмет
ҚР	Қазақстан Республикасы
Кәсіби қатысушы	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы
БҚОД	Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі
ЖЕБ	Жетекшілік ететін бағыт

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. Қоғам басшылығы деңгейінде Трансфер-агенттік қызметті ұйымдастыру мен үйлестіруге жауапкершілік Қоғамның қаржы қызметтері жөніндегі басқарушы директоры – Басқарма мүшесіне жүктеледі.

8. ОА ЖЕБ ТАҚ мыналарға жауапты болады:

1) осы Регламентпен қойылған міндеттер мен функцияларға сәйкес, сондай-ақ ҚР заңнамасы шеңберінде ТАҚ бойынша тиімсіз жұмысқа;

2) орындалған жұмыстардың лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкестігіне (осы Регламентке 1 және 2-қосымшаларға сәйкес);

3) Қоғам филиалдарының Трансфер-агенттік секторлары мен пункттерінің жұмысын ұйымдастыруға;

4) Трансфер-агенттік желілердің бағдарламалық-техникалық камтымына мониторинг жасауға;



- 5) Қоғамның ТАҚ жөніндегі филиалдар қызметкерлерінен алынған Трансфер-агенттік қызметтер жөніндегі құжаттарды (ақпараттарды) келісуге;
 - 6) Қоғам филиалдарының ТАҚ бойынша кірістер мен шығыстар жоспарын әзірлеу және мониторингілеуге;
 - 7) ТАҚ қызмет ету технологиясы жөніндегі құжаттаманы қамтамасыз етуге (әзірлеу, бекіту және филиалдарға жеткізу);
 - 8) жиынтық есепті құру және онымен жұмыс істеу процесінде айқындалған техникалық және бағдарламалық кателерді жүйелеу мониторингін жүзеге асыруға;
 - 9) Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру және одаи әрі дамыту үшін әлеуетті клиенттер тарту жұмыстарын ұйымдастыру бойынша бірқатар міндеттерді орындауға;
 - 10) ұсынатын ТАҚ бойынша есептілікті әзірлеуге.
9. Филиалдардың басшылары мыналарға жауапты болады:
- 1) ТАҚ ұсынылуын ұйымдастыру және үйлестіруге;
 - 2) Кәсіби қатысушыға беру үшін қабылданған құжаттың түпнұсқасы мен электрондық құжат мазмұнының сәйкессіздігіне;
 - 3) берілетін құжаттардың түпнұсқаларының бүтіндігі мен сақталуының қамтамасыз етілмеуіне;
 - 4) жөнелтуші мен алушы арасында құжаттардың түпнұсқалары мен электрондық құжаттарды беру мерзімдерінің сақталмауына;
 - 5) ТАҚ бойынша кірістер жоспарының орындалуының қамтамасыз етілмеуіне;
 - 6) Филиал деңгейінде ресурстардың қамтамасыз етілмеуіне.
10. Филиалдардың ТАҚ жөніндегі қызметкерлері мыналарға жауапты болады:
- 1) орындалған жұмыстардың лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес болуына (осы Регламентке 3-қосымшаға сәйкес);
 - 2) кірістер мен шығыстар бойынша жоспарлы көрсеткіштерге жету, филиал деңгейінде ресурстармен қамтамасыз ету қажеттілігін анықтауға;
 - 3) ҚР заңнамасына сәйкес, ТАҚ сапалы көрсетуді қамтамасыз етуге;
 - 4) Филиал шеңберінде ТАҚ ұсынуды ұйымдастыруға;
 - 5) осы Бизнес-процестің талаптарына сәйкес ТАҚ ұсынуға.

7. ТРАНСФЕР-АГЕНТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ – ПРОЦЕСТІ СИПАТТАУ

7.1. Жалпы ережелер

11. Мақсаты:

1) филиал қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және көрсетілетін ТАҚ қызметін реттейтін Қоғамның нормативтік құжаттарының белгіленген талаптарын орындау;

2) ықтимал сәйкессіздіктердің туындауын ескерту;

3) клиенттердің ризашылығын арттыру.

12. Міндеттер:

1) Трансфер-агенттік қызметпен байланысты құжаттарды (ақпараттарды) қабылдау/беру;

2) өңірлік құрылымдық бөлімшелердің ТАҚ жұмыстарын ұйымдастыру;

3) ТАҚ-мен байланысты құжаттарды (ақпараттарды) қабылдау/беру жөніндегі филиалдардың барлық қызметкерлерінің жұмысына мониторинг және бақылау жүргізу;



4) Жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін ТАҚ-қа талдау жүргізу.

13. Кіріс деректер:

- 1) тұтынушылардың талаптары;
- 2) тұтынушылардың ризашылығы туралы ақпарат;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнама талаптары.

14. Шығыс деректер – Клиентке және/немесе кәсіби қатысушыға берілген құжаттар (ақпараттар).

15. Тартылатын ресурстар:

- 1) дайын және оқыған персонал (жауапты қызметкерлер, басшылар);
- 2) инфрақұрылым, соның ішінде БҚ;
- 3) өндірістік орта;
- 4) Қоғамның бюджетінде жоспарланған (бекітілген) ресурстар.

7.2. Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру кезінде кәсіби қатысушылармен және клиенттермен Трансфер-агенттің жұмыстарын ұйымдастыру, Клиенттермен өзара іс-әрекет тәртібі

16. Трансфер-агент құжаттарды кейіннен түпнұсқаларын кәсіби қатысушыға поштамен жеткізе отырып, электрондық түрде «Трансфер-агент» БҚ арқылы («Трансфер-агент» БҚ-ны пайдаланушының нұсқаулығы) қабылдайды / береді.

17. Трансфер-агент «Трансфер-агент» БҚ арқылы («Трансфер-агент» БҚ-ны пайдаланушының нұсқаулығы) беру үшін қабылданған құжаттардың мазмұнын Қазақстан Республикасының астанасында, облыс орталығында немесе республикалық маңызы бар қалада тұратын оның алушысына оларды қабылдаған сәттен бастап он екі сағат ішінде, ал Қазақстан Республикасының басқа елді мекендерінде тұратын алушыға шартта белгіленген мерзімде береді.

18. Құжаттарды (ақпараттарды) қабылдау және беру қызметтерін Трансфер-агенттік Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес, мереке күндері мен демалыс күндерінен басқа, әрбір жұмыс күні Астана уақыты бойынша 9:00-ден 18:00-ге дейін жүргізеді. Егер кәсіби қатысушы құжаттарды (ақпараттарды) қабылдау уақытын басқа уақытқа белгілеген жағдайда, Трансфер-агент құжаттарды (ақпараттарды) беруді белгіленген уақытта аяқтауы керек.

19. Трансфер-агент 17-тармақтағы талаптарды орындау мүмкін болмаған жағдайда, қабылдаушыға құжаттарды жіберу жүзеге аспай қалған сәттен бастап, үш сағат ішінде тікелей, электрондық жолмен, телефон және факсимильді байланыс арқылы хабардар етеді.

20. Трансфер-агент жолданатын құжаттардың (ақпараттардың) түпнұсқаларын алушыға оларды қабылдаған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей пошта байланысының құралдары арқылы немесе қолма-қол жібереді.

21. ОА АБД ТАҚ алушылармен және филиалдармен тікелей жұмыс істейді:

1) алушыға филиалдардан («Трансфер-агенттік» БҚ пайдаланушы нұсқаулығы) құжаттарды (ақпараттарды) электронды түрде жіберуді қамтамасыз етеді;

2) алушыдан филиалдардан түпнұсқада берілген құжаттарды қабылдағаны туралы қабылдау-жіберу актілерін қабылдайды.

22. Филиалдар жіберушілермен, алушылармен және ОА АБД ТАҚ-пен жұмыс істейді:

1) алушыға («Трансфер-агенттік» БҚ пайдаланушы нұсқаулығы) құжаттарды (ақпараттарды) электронды түрде жіберуді қамтамасыз етеді;

2) құжаттардың түпнұсқаларын бақылауға арналған трек-нөмірі бар қабылдау-жіберу актісі бойынша құжаттардың түпнұсқаларын алушыларға пошта байланысы құралдары арқылы жібереді;



3) жөнелтуші сұрау салуда ТАП-тың мекенжайын көрсеткен жағдайда, кәсіби қатысушылардан алынған құжаттарды жөнелтушілерге жібереді.

23. Шарт жасасқанда Трансфер-агентке төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы:

бағалы қағаздар нарығындағы мәмілелерді жасау барысында қолтырылуы тиіс құжаттардың бланкілерін және оларды трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының қызметтерін пайдаланып жүрген немесе пайдаланғысы келетін тұлғалардың толтыруы жөніндегі нұсқаулықтарды (түсіндірмелерді, нұсқауларды);

трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының қызметтерін пайдаланғысы келетін тұлғалармен шарт жасауға қажетті құжаттардың тізбесін бере отырып, осындай шартты жасау мақсаттары үшін қажетті құжаттардың бланкілерін;

трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының атынан құжаттарға қол қою құқығы бар трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы өкілдерінің нотариат куәландырған қол қою үлгілері қамтылған құжатты;

2) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының клиенттері болып табылатын не трансфер-агенттің клиенті болып табылатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен шарт жасау мақсаттары үшін трансфер-агенттің қызметтерін пайдаланғысы келетін жеке тұлғалар үшін – жеке куәлігінің көшірмесін не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін);

3) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының клиенттері болып табылатын не трансфер-агенттің клиенті болып табылатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен шарт жасау мақсаттары үшін трансфер-агенттің қызметтерін пайдаланғысы келетін заңды тұлғалар:

-заңды тұлғаның атынан құжаттарға қол қою құқығы бар оның өкілдерінің нотариат куәландырған қол қою үлгілері қамтылған құжатты;


-«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен шарт жасауға қажетті құжаттарды (трансфер-агенттің клиенті болып табылатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен шарт жасау мақсаттары үшін трансфер-агенттің қызметтерін пайдаланғысы келетін тұлғаларға арналған).

Трансфер-агент қызметтеріне ақы төлеу заңнамада, Қоғамның Жарғысында және басқа да құжаттарында белгіленген тәртіппен Қоғамның уәкілетті органы белгілеген Трансфер-агенттің тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қызметтердің құнына кәсіби қатысушы төлейтін құжаттардың санына байланысты Трансфер-агенттің әрбір нүктесі үшін ай сайынғы абоненттік төлемді, сондай-ақ Клиенттің өзі төлейтін нақты Клиент бойынша құжаттар пакетін әрбір жөнелту үшін төленген комиссия кіреді.

24. Трансфер-агенттік қызметтерді көрсету шарты Трансфер-агенттің Кәсіби қатысушымен қарым-қатынасын (осы Регламентке 4-қосымшаға сәйкес), сондай-ақ Трансфер-агенттің Кәсіби қатысушының Клиенттерімен қарым-қатынасын (осы Регламентке 5 және 6-қосымшаларға сәйкес) реттейді.

25. Шарттардың түпнұсқалары (енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулармен қоса), осы Регламенттің 23-тармағында көрсетілген құжаттар шарттың күші жойылған күннен бастап бес жылға дейін Трансфер-агенттің сақтауында болады.

26. Трансфер-агенттің қызметкері «Трансфер-агенттік» бағдарламалық қамтымда Трансфер-агенттік қызметтерге қосылу туралы шартқа қосылу туралы өтінішті қалыптастырады, Жеке тұлға-клиент екі данаға (осы Регламентке 6-қосымшаға сәйкес) қол қояды, бір данасы ОА ББ ТАҚ-ке беріледі, екінші данасы Клиентке беріледі. Жеке тұлға-клиент сонымен қатар «Қазпошта» АҚ трансфер-агенттік қызметтерін көрсету кезінде дербес



деректерді жинауға және өңдеуге келісімге қол қояды (осы Регламентке 7-қосымшаға сәйкес). Заңды тұлға болып табылатын клиенттер шартқа (5-қосымшаға сәйкес) екі данада қол қояды, біреуі Клиентке беріледі, екіншісі Филиалда қалады.

Трансфер-агент клиент ұсынған жағдайда, қабылданған құжатты электронды түрде электрондық пошта мекенжайына беру туралы клиентке хабарлайды.

27. Трансфер-агенттің кәсіби қатысушы болып есептелмейтін Клиенттен комиссиялық сыйақы алу құқығы бар.

7.3. Трансфер-агенттің құжаттармен жұмыс істеу шарттары мен тәртіптері

28. Жіберушіден алушыға жіберілген құжаттарды (акпаратты) Трансфер-агент арқылы қабылдау және өткізу тәртібі:

1) Клиентті сәйкестендіру ҚР талаптарына сәйкес жеке басты куәландыратын құжат негізінде жүзеге асырылады, өкілетті уәкіл үшін нотариат куәландырған сенімхат талап етіледі;

2) жіберушінің құжаттары (бұйрықтар/тапсырыстар) түзетулер мен қолмен жазылған өзгерістері жоқ терілген текст түрінде беріледі;

3) Трансфер-агент қызметкері құжаттардың түпнұсқаларын екі нұсқала қабылдайды. Жіберуші қабылданған құжаттың (бұйрық/тапсырыс) екінші нұсқасын құжаттың алынған күні және тіркеу нөмірімен бірге немесе Трансфер-агенттің алғаны және құжаттың тіркелгенін растайтын құжатпен бірге тапсырады;

4) Трансфер-агент қызметкері беруге арналған құжаттарды алған кезде құжаттардың (бұйрықтардың/өкімдердің) толықтығы мен толтыруының дұрыстығын және ондағы қойылған қолдар мен мөр бедерлерін (болған жағдайда) қол қою үлгілерінің карточкасында бар үлгілермен (осы Регламентке 9-қосымшаға сәйкес) ұсынушының жеке куәлігімен салыстырып тексереді. Клиенттің өкілі Трансфер-агентке жүтінген жағдайда, ол нотариат куәландырған сенімхат пен өзінің жеке куәлігін ұсынуға міндетті;


5) Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттар болмаған немесе сәйкес келмеген жағдайда Трансфер-агент қызметкері қабылдаудамау себебін көрсете отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тартуға міндетті.


29. Трансфер-агент және клиенттер жүзеге асыратын, қабылданған және берілген құжаттарды (акпаратты) салыстырып тексерудің тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауға бұйрықтың бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ұсынған нұсқаулықтарға (түсініктемелерге, нұсқауларға) сәйкес толық болу және трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының қызметін пайдаланатын немесе пайдалануға ниеті бар тұлғалардың дұрыс толтыру мәніне тексеру тәртібі;

Кәсіби қатысушы мен Трансфер-агент «Трансфер-агент» БҚ пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес жұмыс күндері тұрақты негізде қабылданған және жіберілген түпнұсқа құжаттарды салыстырады. Салыстыру барысында Кәсіби Қатысушы Трансфер-Агентке құжаттардың түпнұсқасында қабылданғаны туралы белгі қоюмен құжаттарды қабылдау және беру туралы куәліктерді ұсынады. Салыстыру кезінде қандай да бір сәйкессіздіктер анықталған жағдайда Трансфер-агент бұл туралы Кәсіби қатысушыны дереу хабардар етуге міндетті.

30. Беру мақсатында қабылданған құжаттарды (акпаратты) және Трансфер-агенттік қызмет көрсету туралы қосылу шартына қосылу туралы өтініштерді есепке алу тәртіптері:

1) қабылданған және берілген құжаттарды (акпараттарды) тіркеу және есепке алу үшін Трансфер-агентте бірыңғай автоматтандырылған «Трансфер-агент» БҚ-да құжаттарды беру-алу актісін тіркеу журналы бар. Оның сыртында әрбір филиалда қағаз құжаттарға арналған



	ТАҚ РГ-1492-2024-ОА-КЕ 1.4	№__ редакция	75 парақтың 10- парағы
---	----------------------------	--------------	---------------------------------

құжаттарды беру-алу актілерін тіркеу журналы жүреді (осы Регламентке 11-қосымшаға сәйкес). Трансфер-агенттік қызмет көрсету шартына қосылу туралы өтініштерді беру-алу актілерін тіркеудің бірыңғай автоматтандырылған журналы болады;

2) құжаттарды беру-алу актісінде төмендегі жазбалар жазылады:

- құжаттың реттік нөмірі;
- БҚ-да құжатты тіркеу күні (күні, айы, жылы, уақыты);
- кәсіби қатысушының құжатты электронды түрде қабылдаған күні (күні, айы, жылы, уақыты);
- құжаттың тіркеу нөмірі;
- құжаттың атауы/түрі;
- Клиенттің тегі, аты (бар болса – әкесінің аты) (немесе мекеменің атауы);
- трек-нөмір.

3) құжаттарды қағаз жеткізгіште беру-алу актілерін тіркеу журналында төмендегі жазбалар бар:

- жазбалардың реттік нөмірі;
- құжаттарды тіркеу күні;
- беру-алу актісін тіркеу нөмірі;
- жіберуші (филиалдың атауы);
- алушы (құжат берілетін кәсіби қатысушының атауы).

4) құжаттарды беру-алу актілерін тіркеудің бірыңғай автоматтандырылған журналында төмендегі жазбалар жазылады:

- құжаттарды алу-беру актілерін тіркеу күні (күні, айы, жылы, уақыты);
- Құжаттарды беру-алу актісінің тіркеу нөмірі;
- филиал;
- бөлімше;
- құжаттарды беру-алу актісін тіркеу күні (күні, айы, жылы, уақыты);
- құжаттармен бірге беру-алу актісі берілетін кәсіби қатысушының атауы
- құжаттарды беру-алу актісінің мәртебесі;
- құжаттарды қабылдау – тапсыру актісін қалыптастырған ТАҚ қызметкерінің тегі, аты (бар болса-әкесінің аты) ;
- беру-алу актісіндегі құжаттар саны;
- трек- нөмір.

5) Трансфер-агенттік қызметтер көрсету туралы қосылу шартына қосылу туралы өтініштерді алу - беру актілері:

- шартқа қосылу туралы өтініштердің реттік нөмірі;
- БҚ-дағы құжаттарды тіркеу күні (күні, айы, жылы, уақыты);
- құжатты тіркеу нөмірі;
- Клиенттің тегі, аты (бар болса – әкесінің аты) (немесе мекеменің атауы).
- трек-нөмір.

6) бірыңғай автоматтандырылған Трансфер-агенттік қызметін көрсету туралы қосылу шартына қосылу туралы өтініштерді алу-беру актілерін тіркеу журналы:

- шартқа қосылу туралы өтініштерді алу-беру актісін тіркеу нөмірі;
- филиал;
- бөлімше;



- Шартқа қосылу туралы өтініштерді алу-беру актісін тіркеу күні (күні, айы, жылы, уақыты);
- Шартқа қосылу туралы өтініштерді алу-беру актісінің статусы;
- Шартқа қосылу туралы өтініштерді алу-беру актісін қалыптастырған ТАҚ қызметкерінің тегі, аты (бар болса – әкесінің аты);
- алу-беру актісіндегі шартқа қосылу туралы өтініштердің саны.

31. Жіберушіден алушыға жіберілетін құжаттарды (ақпараттарды) сақтау тәртібі және аталған құжаттарға қол жеткізу тәртібі:

1) ТАҚ қызметкері ғана қол жеткізе алатын түпнұсқа құжаттар алушыға жіберілгенге дейін арнайы өртенбейтін шкафта сақталады;

2) Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының жеке немесе заңды тұлғаларға Трансфер-агенттік қызмет көрсету туралы қосылу шартына қосылу туралы өтініштерінің түпнұсқалары (оған енгізілген барлық өзгерістер мен толықтыруларды қосқанда), қолтаңба үлгілерінің картасы, есептік карта және бірыңғай құжаттарды есепке алу жүйесіне енген деректер – шарт күшін жойған күннен бастап бес жылға дейін Трансфер-агенттік сақтауында болады.

32. Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын электрондық дереккордың сақталуын қамтамасыз ету тәртібі:

1) Кәсіби қатысушыға ТАҚ филиалдарындағы қызметкерлерден берілген барлық құжаттар «Трансфер-агент» БҚ-ның арнайы электрондық журналдарында тіркеледі және сақталады;

2) ТАҚ бойынша филиалдардың қызметкерлерінен кәсіби қатысушыға жіберілген әрбір электронды құжатқа хабарламаның бірегей тізбекті нөмірі беріледі;

3) Құжаттарды есепке алудың бірыңғай жүйесін жіберушіден қабылданып, алушыға жіберілген құжаттарды (ақпараттарды) жеке-жеке тіркеу жолымен, сондай-ақ оларды беру тәсілі бойынша (құжаттардың мазмұнын электронды байланыс құралдары арқылы беру және құжаттарды (ақпаратты) пошта байланысы құралдары арқылы немесе қолма-қол беру) электрондық және қағаз жеткізгіштерде жүзеге асырылады.

4) Трансфер-агенттің электронды дерекқорының сақталуы ақпараттарды серверде сақтау және сыртқы құрылғыға сақтық көшірмесін жасау жолымен қамтамасыз етіледі;

5) бөлмеде қажетті тәртіптер бар: ауа температурасы мен ылғалдықты реттеу жүзеге асқан, түтін детекторлары мен өртке қарсы дабыл жүйесі қамтамасыз етілген, техника үздіксіз қуат көзіне қосылған;


6) дерекқордың сақтық көшірмесі күн сайын жасалады және 7 күн сақталады;

7) осы мұрағаттандырылған деректерді тасымалдаушылар таза бөлмеде сақталады, оған «Kazpost digital» филиалының жауапты қызметкері қол жеткізе алады.

33. Трансфер-агент қызметін жүзеге асыруда пайдаланылатын, бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуге (соның ішінде электронды деректер базасына), коммуникациялық және басқа да жабдықтарға қол жеткізу тәртібі:

1) бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету – әр бір пайдаланушы үшін бірегейленген, пайдаланушы аты (логин) және парольден тұратын әрекетпен бақыланады. Пароль әріптер мен сандардың бірегей үйлесімінен тұрады. Барлық пайдаланушылар өз паролдерін айына бір рет өзгертеді. БҚ-мен жұмыс істеу үшін желіге кіруге арналған бөлек логин мен паролдар қолданылады;



	ТАҚ РГ-1492-2024-ОА-КЕ 1.4	№__ редакция	75 парақтың 12- парағы
---	----------------------------	--------------	---------------------------------

2) компьютерлік операциялық жүйеге және қолданбалы бағдарламаға алғашқы кіруді бақылайтын «Kazpost digital» филиалының қызметкері пайдаланушы атын, сонымен қатар қол жеткізу құқын белгілейді және ол деректер базасын көре алмайды;

3) «Трансфер-агент» БҚ-ға кіру рұқсаты ОА АБД ТАҚ, ТАП-пен шартқа негізделін кәсіби қатысушылардың шектеулі бөлігіне ғана беріледі;

4) қызметкерлерді қызметке қабылдағанда коммерциялық құпияларды, клиенттердің жеке деректерін, инсайдерлік ақпараттарды жарияламау туралы келісімге қол қойылады.

34. Қалыпты режимде аталған жүйенің жұмысын дұрыс аяқтау және барлық берілген деректердің сақталуы мен дұрыстығын қамтамасыз ету үшін, Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырғанда пайдаланылатын, жүйенің жұмысқа қабілеттілігі электр қуат көзінен ажыраған жағдайда қолдау тәртібі – тұтастай электр қуатынан ажыраған жағдайда жүйенің жұмысқа қабілеттігін қамтамасыз ету, «Трансфер-агент» БҚ серверлері орнатылған «Kazpost digital» орталық аппараты және филиалы өзінің дербес электр қуаты генераторларымен жабдықтап, деректердің сақталуына және қалыпты режимде жұмыс жасауға мүмкіндік береді. БҚ филиалдарда Трансфер-агент қызметкерлері енгізген және кәсіби қатысушы берген барлық құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді. Үздіксіз қуат көзімен жабдыкталған филиалдардағы Трансфер-агент қызметкерінің компьютері қалыпты режимде бағдарламалық қамтым жұмысын дұрыс аяқтауға мүмкіндік береді.

7.4. Трансфер-агент қызметін жүзеге асыратын жалпы талаптар

Процестің мақсаты – Трансфер-агенттік секторының тәртібін, әдістемесін және жұмыс үйлесімділігін анықтау.

35. ТАҚ қызметкері клиенттік сәйкестендіруді жүзеге асырады, барлық міндетті құжаттарды тексереді.

36. Егер клиент ұсынған құжаттар талаптарға сай келмеген жағдайда, ТАҚ қызметкері қабылдаудан бас тарталы және құжаттарды клиентке қайтарады.

37. ТАҚ филиалы қызметкерінің құжаттарды (ақпараттарды) беру және (немесе) берілгені туралы ақпараты «Трансфер-агент» БҚ-да автоматтандырылған Трансфер-агенттің құжаттар есебінің бірыңғай жүйесінде көрсетіледі.

38. Құжаттардың (бұйрықтар/тапсырыстар, өкімдер) электронды көшірмесі «Трансфер-агент» БҚ арқылы кәсіби қатысушыға беріледі.

7.4.1. Кәсіби қатысушыға құжаттарды жіберу

39. ТАҚ филиалы қызметкері кәсіби қатысушыдан алынған құжаттарды пошта байланыс құралдары арқылы немесе тікелей қолға береді. Жіберу үшін «Трансфер-агент» БҚ да автоматты түрде тіркеу нөмірін, пошта жолдаманың трек-нөмірін және акті күнін иеленген ілеспе алу-беру актісі қалыптанады (осы Регламенттің 10-қосымшасына сәйкес).

40. Құжаттарды беру-алу актісі үш ұқсас данадан қалыптанады және төмендегі тараптар қол қояды:

1) ТАҚ филиалы қызметкері;

2) Кәсіби қатысушы;

3) ОА АБД ТАҚ қызметкерлері (кәсіби қатысушыдан актіні алғаннан кейін).

7.4.2. ОА АБД ТАҚ та жеке немесе заңды тұлғаларға Трансфер-агенттік қызметін көрсету шартына қосылу туралы өтінішті жіберу

41. ТАҚ филиалы қызметкері пошта байланыс құралдары арқылы немесе тікелей қолма-қол қосылу туралы өтінішті ілеспе құжатпен бірге қағаз тасығышымен ОА АБД ТАҚ-қа бағыттап жібереді (осы Регламенттің 11-қосымшасына сәйкес).



QazPost	ТАҚ РГ-1492-2024-ОА-КЕ 1.4	№__ редакция	75 парақтың 13- парағы
----------------	----------------------------	--------------	---------------------------------

42. ОА ТАҚ қа қосылу туралы өтініштің түпнұсқасын беру үшін «Трансфер-агент» БҚ-да автоматты түрде тіркеу нөмірі мен акті күнін иеленген ілеспе алу-беру актісі қалыптанады.

43. Қосылу туралы өтінішті алу-беру актісі екі ұқсас данадан қалыптастырылады және төмендегі тараптар қол қояды:

- 1) ТАҚ филиалы қызметкері;
- 2) ОА АБД ТАҚ қызметкерлері.

7.4.3. Құжаттарға (бұйрықтар/тапсырыстар, шарттар) тіркеу нөмірлерін беру тәртібі

44. Трансфер-агент қабылдайтын және жолдайтын құжаттар (бұйрықтар/тапсырыстар, шарттар) сәйкестендіруді жүзеге асыру мақсатында міндетті тіркеуде болады және аталған құжаттар төмендегі әріптік-сандық белгілерге сәйкес есепке алынады:

XXXXXXXX_YYYYYY/FF/ZZZZZ,

мұнда:

XXXXXXXX — кәсіби қатысушының әріптік белгілері

YYYYYY — төмендегі бойынша ТАҚ қызметкерінің алты таңбалы белгісі:

- 1-, 2- сандық белгі – филиал нөмірі;
- 3-, 4- сандық белгі – ҚІБТ, АІБТ нөмірі;
- 5-, 6- сандық белгі – ПББ;

FF — кәсіби қатысушының екі таңбалы және одан көп белгілі құжат типі

ZZZZZZ — құжат (бұйрық/тапсырыс, шарт) № – өзгермейтін, бірыңғай ілеспе нөмірі

Үлгі: № ER_071100/01/000001 — Ақтөбе ҚІББ ТАҚ қызметкерлері алатын және беретін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-дағы бағалы қағаздар ұстаушының тізілімін жүргізу жүйесінде жеке тұлғаның жеке шотын ашуға бұйрық.

45. Жойылған (белсенділігі жойылған, орындаудан бас тартылған) құжаттың тіркеу нөмірін жана құжаттарды нөмірлеуге қайтадан пайдалануға тыйым салынады.

46. Тіркеу нөмірі Трансфер-агент үшін кәсіби қатысушының арнайы құжаттың (бұйрықтың/тапсырыстың, шарттың) арнайы жолына қойылады. Егер кәсіби қатысушыда Трансфер-агент үшін арнайы жол қарастырылмаса, онда тіркеу нөмірі Трансфер-агенттің қалауы бойынша қойылады.

47. Құжаттың (бұйрықтың/тапсырыстың, шарттың) тіркеу нөмірі «Трансфер-агент» БҚ-да автоматтандырылған түрде беріледі.

8. ТРАНСФЕР-АГЕНТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

48. Трансфер-агент және кәсіби қатысушының функциясы, жауапкершілігі, құқығы мен міндеттері – Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қатысушыға Трансфер-агенттік қызмет көрсету шарты (осы Регламенттің 3-қосымшасы), жеке тұлғаларға Трансфер-агенттік қызмет көрсету шартының (осы Регламенттің 4-қосымшасы) және заңды тұлғаларға Трансфер-агенттік қызмет көрсету шартының (осы Регламенттің 5-қосымшасы) талаптарымен анықталады.

49. Клиенттер үшін оңай қол жетімді орында, Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға қатысатын Трансфер-агенттің бөлімшелерінің (филиалдарды қосқанда) ұй-жайларында, болуға тиісті:

1) бағалы қағаздар нарығындағы Трансфер-агент қызметін атқару бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензияның нотариат куәландырылған көшірмелері;



2) осы Регламенттің және Трансфер-агент қызметін жүзеге асыруды реттейтін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің көшірмесі;

3) кәсіби қатысушының бағалы қағаздар нарығындағы қызметінің шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттардың көшірмелері;

4) Трансфер-агентпен шарттар жасасқан кәсіби қатысушылар туралы мәліметтер (олардың филиалдарының тұрған жері, олардың филиалдары, қызметтер түрін жүзеге асыратын лицензиялардың берілген күндері және нөмірлері қоса көрсету);

5) Кәсіби қатысушының өзінің клиенттеріне көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтер;

6) Трансфер-агентке тиесілі материалдар туралы мәліметтер (осы Регламентке сәйкес Кәсіби қатысушының Трансфер-агентке ұсылғаны).

50. Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға қатысатын Трансфер-агент қызметкері Трансфер-агентпен шарт жасасқан кәсіби қатысушы туралы және осындай кәсіби қатысушылар көрсететін қызметтер туралы төмендегі ақпаратты білуге және клиенттерге түсіндіруге міндетті:

1) кәсіби қатысушының тиісті қызмет түрін жүзеге асырудағы құзыреті;

а) лицензияның және оның деректемелерінің бар болуы (берілген күні және нөмірі, лицензия атауы, қызметі, жүзеге асыру рұқсаты, басқа да қажетті мәліметтер);

б) лицензияның жарамдылығы («лицензия жарамды», «лицензияның жарамдылығы токтатылды», «лицензияның жарамдылығы доғарылды»);

в) лицензияға сәйкес жүзеге асыруға рұқсат етілген қызметтің ҚР заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын қызметтердің басқа түрлерінен, оның ішінде ұқсас қызмет түрлерінен айырмашылығы;

г) Кәсіби қатысушы туралы ақпараттарды іздеу жолдары;

д) сәйкес қызмет түрін жүзеге асырудағы кәсіби қатысушының құзыреті туралы сұрақтарға қатысты өзге де керекті мәліметтер.

2) Кәсіби қатысушы қызметін мемлекеттік реттеу жүйесі туралы:

а) өкілетті органның атауы, тұрған орны және байланыс телефоны/факсы;

б) Кәсіби қатысушы қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акті туралы мәліметтер.

3) Кәсіби қатысушы көрсететін қызметтер:

а) аталған қызметтің мазмұны және сипаттамасы;

б) осы Кәсіби қатысушы көрсететін бір қызмет түрінен келесі қызмет түрінің айырмашылығы;

в) аталған қызметті көрсетуді реттейтін барлық нормативтік құқықтық актілер туралы мәліметтер (атауы және қабылданған күні);


г) Кәсіби қатысушы аталған қызметтерді көрсеткен кезде оның клиенттерімен өзара қарым-қатынасын реттейтін нормативтік актілері.

4) Кәсіби қатысушы мен оның клиенті арасында азаматтық-құқықтық қарым-қатынастар жасау:

а) кәсіби қатысушы мен оның клиенті арасындағы азаматтық-құқықтық қарым-қатынастарды жасау тәртібі, оның ішінде тиісті құжаттар бланкілерін толтыру тәртібі;

б) Кәсіби қатысушы мен оның клиентінің азаматтық-құқықтық қарым-қатынастар жасауынан туындайтын міндеттері, оның ішінде қарым-қатынас жасау барысында ұсынылатын ақпараттар бойынша талаптар, сонымен қатар тиісті құжаттар бланкісін толтыру тәртіптері.



	ТАҚ РГ-1492-2024-ОА-ҚЕ 1.4	№__ редакция	75 парақтың 15- парағы
---	----------------------------	--------------	---------------------------------

5) Кәсіби қатысушы және оның көрсететін қызметтері туралы өзге де ықтимал мәліметтер.

9. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

9-1 Тәуекелдерді басқару

51-1. Трансфер-агенттік қызметтерді көрсету процесінің иесі тәуекелдерді басқару жүйесінің қатысушысы ретінде:

1) Департамент иелері/қатысушылары болып табылатын процестердің тәуекелдерін уақтылы сәкестендіру және бағалау, ішкі және сыртқы нарық конъюнктурасының, форс-мажорлық жағдайлардың өзгеруін ерте анықтау және дер кезінде ден қою жүйесін енгізуге қатысу;

2) оқыту мәселелерін үйлестіру және бөлімше қызметкерлерінің «Қазпошта» АҚ –ның тәуекелдерді басқару саясатының және «Қазпошта» АҚ тәуекелдерін анықтау және бағалау ережесінің талаптары туралы хабардар болуын қамтамасыз ету;

3) Тәуекел оқиғаларының дерекқорында өз бөлімшесінің шеңберінде тәуекел оқиғалары туралы ақпаратты толық және уақтылы жинауды (тәуекелді/оқиғаны анықтау, бағалауды) қамтамасыз ету;

4) әртүрлі оқиғаларды қадағалау және болжау үшін оның бөлімшесінің бизнес-процестері шегінде тәуекел оқиғасының және тәуекел факторларына туындау себептерінің тұрақты мониторингін жүргізу;

5) оларды бөлудің бизнес-процестері шеңберінде тәуекелдерді азайту/басқару жөніндегі шараларды әзірлеу және оларға қатысу;

6) Қоғамның тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға жауапты бөлімшенің назарына толық және сенімді ақпаратты уақтылы жеткізу:

- барлық анықталған тәуекелдер бойынша;

- тәуекелдердің туындауының және өзгеруінің барлық себептері бойынша және әрбір анықталған тәуекел бойынша тәуекелдік оқиғаның туындауын ескере отырып, басқару шешімдерін қабылдау көзі ретінде қызмет етеді;

- иелері бизнес-процестің жауапты иесі болып табылатын, Қоғам қызметіне елеулі және маңызды әсер ететін тәуекелдерді азайту/басқару жөніндегі іс-шараларды іске асырудың жай-күйі бойынша;

- тәуекелдерге мониторинг жүргізу және Қоғамның тәуекелдер жөніндегі комитетіне есептерді ұсыну.

51-2. Түзету шараларын қолдану

1) Талдау негізінде трансфер-агенттік қызметтерді көрсету үдерісінің иесі трансфер-агенттік қызметтерді көрсету процесіне өзгерістер енгізу немесе оның әрбір сатысында процесі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу туралы шешім қабылдайды.

2) Процеске қатысушылар қолда бар басқару құралдарын пайдалана отырып, процес талаптарының дұрыс және уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді.

3) Трансфер-агенттік қызметтерді көрсету процесінің иесі қолда бар ресурстарға, тәуекелдерге және шектеулерге сүйене отырып, процесі жақсарту бойынша түзету және алдын алу шараларын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарын қалыптастырады және оны Қоғамның тәуекелдер комитетіне жібереді».

10. ӨЗГЕРІСТЕР/ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ



OazPost	ТАҚ РГ-1492-2024-ОА-ҚЕ 1.4	№__ редакция	75 парақтың 16- парағы
----------------	----------------------------	--------------	---------------------------------

52. Осы Регламентке өзгерістер мен толықтыруларды ОА ББ ТАҚ енгізеді. Құжаттарға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі Қоғам Басқармасының 2013 жылғы 6 наурыздағы шешімімен бекітілген Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын басқару бойынша қағидаларымен реттеледі (№10 хаттама) ПР ДКУ-1062-2013 – ПУ 1.4.

II. ҚЫЗМЕТТІҢ ТИІМДІЛІК (БАҒАЛАУ) ӨЛШЕМДЕРІ

53. Қазақстан Республикасының заңнамаларына және кәсіби қатысушылардың реттеуші құжаттарына сай көрсетілген қызмет сапасын бақылау.

54. Тиісті жылдағы ОА АБД ТАҚ жоспарына сәйкес іс-шараларды орындау мерзімін бақылау.

55. Көрсетілген қызмет бойынша кірістерді молайту.



QazPost	ТАҚ РГ-1492-2024-ОА-ҚЕ 1.4	№__ редакция	75 парақтың 17- парағы
----------------	----------------------------	--------------	---------------------------------

«Қазпошта» АҚ Трансфер-агенттік
қызметінің 2024 жылы

«__»

№__ Регламентінің 1-
қосымшасы

**Трансфер-агенттік қызметтің бас менеджері - бағыт жетекшісінің
лауазымдық нұсқаулығы
(Жетекшілік ететін бағыт)
«Қазпошта» АҚ
Орталық аппараты**

Қазақстан Республикасының
Төтенше және Өкілді Елшісі

OazPost	ТАК РГ-1492-2024-ОА-ҚЕ 1.4	№__ редакция	75 парақтың 18- парағы
----------------	----------------------------	--------------	---------------------------------

Жалпы ақпарат

Лауазым атауы (штаттық кестеге сәйкес)	Трансфер-агенттік қызметтің бас менеджері - бағыт жетекшісі
Бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	ОА жетекшілік ететін бағыты


Ұйымдастыру құрылымында лауазымның орны

Тікелей басшының лауазымы	Жетекшілік ететін бағыттың директоры
Тікелей бағыныстағы бөлімшелердің /лауазымдардың атауы	
Қызметкер болмаған кезеңде лауазымның міндетін уақытша атқару тәртібі	Трансфер-агенттік қызметтің бас менеджері - бағыт жетекшісі уақытша болмаған кезеңде (іссапар, демалыс, уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңінде) белгіленген тәртіппен оның міндеттерін алмастырады және орындайды, сондай-ақ олардың тиісінше орындалуына толық жауапты болады.

Біліктілікке қойылатын талаптар

Міндеттерін орындау үшін қажетті дағдылар	<p>Жобаларды басқару Тайм менеджмент Шешім қабылдау Жазбаша және ауызша коммуникация Ақпараттың үлкен көлемін өңдеу және талдау Тәуекелдер мен пайдалар арасында теңгерім табу Ақпаратты жеткізу Бағдарламаларды пайдалану және бейне - аудио файлдарды өңдеу Тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сапасының кепілдігін қамтамасыз ету үшін келіссөздер жүргізу Бренд менеджмент Жанжалдарды реттеу Тренингтер және өзге де оқыту іс-шараларын өткізу Іс-шараларды ұйымдастыру Аудиттер/ревизиялар/тексерулер жүргізу ДК және MS Office пайдалану (барлық қажетті бағдарламалық қамтылым мен АЖ тізімі: SAP, Colvir, CRM, HR және т.б.) Жаңа бағдарламалық кешендер мен жүйелерді тез және оңай игеру Байланыс дағдылар, стресске төзімділік, топта және дағдарыстық жағдайларда жұмыс істей білу Іскерлік хат алмасуды жүргізу дағдылары Түрлі топтар арасында тиімді қарым-қатынасты ұйымдастыру Міндеттерді орындау үшін қажетті дағдылар Бастықтың міндеттерін орындау үшін қажетті дағдылар Кәсіпкерлік қызметті және Компания жұмыс істейтін әртүрлі секторлардың ерекшеліктерін білу Салалық заңнаманы білу Корпоративтік стратегияны, стратегиялық жоспарлау әдістемелерін және тұжырымдамаларын әзірлеу саласындағы білім мен дағдылар (үздік тәжірибелер) Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білу MS Office (Excel, Power Point және т.б.) тәжірибелі қолданушысы Арнайы нормативтік құжаттаманы білу Басқарушылық есептілік, экономика, бухгалтерлік есеп, қаржы саласындағы теориялық/академиялық білім Аналитикалық қабілеттер Қаржы және экономика саласындағы жоғары кәсіби білім Аналитикалық қабілеттерге ие болуы, талдаудың әртүрлі әдістерін меңгеруі, тиімді жоспарлау қабілеті болуы, тиімді коммуникативті дағдылары болуы, тәуекелдерді болжай білуі және оларды ең бастапқы кезеңде азайта білуі керек. Аудит, және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы және/немесе экономикалық талдау және/немесе банк ісі саласында жұмыс тәжірибесінің болуы Мемлекеттік және орыс тілін білу Жұмыста «Қазпошта» АҚ ІНҚ-де жетекшілік ететін қызмет</p>
---	--



	ТАҚ РГ-1492-2024-ОА-КЕ 1.4	№__ редакция	75 парақтың 19- парағы
---	----------------------------	--------------	---------------------------------

	<p>бойынша сипатталған ережелер мен талаптарды білу және қолдану, сапа менеджменті жүйесі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамаларын, Қоғамның нормативтік құқықтық актілерін, және талаптарын білу, Тайм менеджмент Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды білу; – IT жүйелерінің пәндік саласы мен бизнес-процестерін білу; IT жүйелерінің бизнес-процестерін құру және оңтайландыру дағдылары; IT жүйелері жұмысының бағдарламалық-техникалық талаптарын білу, Мәселелерді тиімді шешуді жеңілдететін іскерлік байланыстарды орнату мүмкіндігі. Іскерлік келіссөздер жүргізу дағдылары; Қарым-қатынас дағдылары, жүйелілік, талаптылық, жұмысына шығармашылықпен қарау, жаңаны өз бетінше меңгеру Бухгалтерлік есеп, жоспарлау және бюджеттеу принциптерін білу, басқарушылық және қаржылық есептілікті түсіну; үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істей білу, басқарушылық шешімде зерттеулер мен есептердің нәтижелерін түсіндіру Ақпараттық жүйелер бойынша техникалық және пайдаланушы құжаттамасын әзірлей білу Кәсіби ортада кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі</p>
Жеке қасиеттер	<p>тыңғылықты қарым-қатынас дағдылары логикалық ойлау ұқыптылық аналитикалық ойлау дербестік «Қазпошта» АҚ-да қызметтік міндеттерін орындау және тиімді жұмысты ұйымдастыру үшін қажетті іскерлік және немесе салалық ортада оң жетістіктер мен мінсіз беделдің болуы мемлекеттік және орыс тілдерін білу Қызметтің түйінді көрсеткіштері негізінде өнімділікті басқару және бағалау жүйелерінің негіздері Қоғамның стратегиялық мақсаттарына сәйкес келетін бизнес-міндеттердің орындалуын, Қоғам басшыларының жүктелген міндеттер мен мақсаттардың орындалуын бақылау және мониторинг жүргізу.</p>

Позиция мақсаты (лауазымның негізгі мақсаты немесе компанияның мақсаттарына қол жеткізуде лауазымның жалпылама күтілетін үлесі)

Қоғам Стратегиясын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнім шеңберінде жаңа қызметтерді әзірлеу және қолданыстағы бизнес-процестерді оңтайландыру, сондай-ақ агенттік бизнес өнімдерінің жоспарларын орындау үшін шараларды арқылы трансфер-агенттік бизнестің қолданыстағы өнімдерін дамытуды қамтамасыз етеді.

Лауазымның қызмет ауқымының сандық көрсеткіштері

(қызметкерлерге қатысты қаржылық және материалдық іс-әрекеттер ауқымын жақсы сипаттайтын және басшының тікелей немесе жаппама әсерінен болатын сандық деректер. Жыл сайын ұсынылады)

Қаржылық көрсеткіштер	Қаржылық емес көрсеткіштер
Трансфер-агенттік қызметтер бойынша кіріс жоспары	Бақыланатын бағыт – трансфер-агенттік қызметтер

Қызметтің негізгі көрсеткіштерінің тізімі

1. Трансфер-агенттік қызмет бойынша кіріс жоспарының орындалуы. 2. Ұсынылған Трансфер-агенттік қызметтер сапасы 3. Бизнес-процестерді автоматтандыру



QazPost	ТАК РГ-1492-2024-ОА-КЕ I.4	№__ редакция	75 парақтың 20- парағы
----------------	----------------------------	--------------	---------------------------------

Лауазымға арналған құзырет бағыты

Басқарушылық құзыреттер		
№	Құзыреттер/Мінет-құлық көрсеткіштері	Денгей
1	Нәтижеге талпындыр	Шеберліктің 2-денгейі
2	Лидер бол	Шеберліктің 2-денгейі
3	Қызметкерлерді жетілдір және ынталандыр	Шеберліктің 2-денгейі
Корпоративтік құзыреттер		
	Құзыреттер/Мінет-құлық көрсеткіштері	Денгей
1	Нәтижеге жет	Шеберліктің 2-денгейі
2	Тиімді әрекет ет	Шеберліктің 2-денгейі
3	Командада жұмыс істе	Шеберліктің 2-денгейі
4	Компанияның патриоты бол	Шеберліктің 2-денгейі
5	Идеяларыңды ұсын және өзінді жетілдір	Шеберліктің 2-денгейі
6	Клиентті құрметте және бағала	Шеберліктің 2-денгейі
7	Турақты даму	Шеберліктің 2-денгейі
8	Басқаруды өзгерту	Шеберліктің 2-денгейі
9	Жобаны басқару	Шеберліктің 2-денгейі

Қызметкер осы позицияда басшылыққа алатын негізгі құжаттары мен нормативтік актілер

